

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 желтоқсан N 1329 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.13 № 1196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Жол қозғалысының ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерін және Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерінде:

"Жүргізушілердің жалпы міндеттері" деген 2-бөлімнің 2.3.5-тармағындағы "Мемлекеттік тергеу комитеті" деген сөздер алынып тасталсын;

"Сыртқы жарықтандыру приборларын және дыбыстық сигналдарын пайдалану" деген 19-бөлімнің 19.4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"19.4. Жол полициясында тіркелмейтін автокөлік құралдарын, жабық аумақтарда пайдаланылатын және жалпы пайдаланылатын жолдарда пайдалануға жатпайтын технологиялық көлікті, сондай-ақ шаруа және фермер қожалықтарының ішінде пайдаланылатын осы қожалықтардың автокөлігін, бетон және цемент тасушыларды қоспағанда, 22895-77 ГОСТ бойынша М₂, М₃, N₂, N₃, O₂, O₃, O₄ санаттарындағы көлік құралдарының бүйір және артқы жақтарының контурлары СТ РК ГОСТ Р 51253-2001 және СТ РК ГОСТ Р 41.104-2001-ге сәйкес жарық қайтарғыш материалдармен таңбалануы тиіс";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерінде:

8 - т а р м а қ т а :

сегізінші абзацтағы "тік үшбұрыш түрінде" деген сөздердің алдынан "ТУ-7100 РК 39044189-НПО-01-2001 талаптарына сай жарық қайтарғыш беті бар" деген сөздермен толықтырылсын;

тоғызыншы абзацтағы "жарықтық қайтару үстінгі бетімен" деген сөздерден кейін "СТ РК ГОСТ Р 51253-2001 және СТ РК ГОСТ Р 41.104-2001 ГОСТ-тың талаптарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтағы "24333-80 ГОСТ-тың" деген сөздер "24333-97 ГОСТ-тың" деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"ТУ-7100 РК 39044189-НПО-01-2001 талаптарына сай, алдында және артында "Қауіпті жүк" белгісі жоқ, қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарына.";

Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен жағдайлардың тізбесінде :

7.8-тармақ "болмауы" деген сөздің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"22895-77 ГОСТ бойынша M_2 , M_3 , N_2 , N_3 , O_2 , O_3 , O_4 санаттарындағы көлік құралдарын СТ РК ГОСТ Р 51253-2001 және СТ РК ГОСТ Р 41.104-2001 талаптарына жауап беретін жарық қайтарғыш материалдармен таңбалаудың".

2. Жарық қайтарғыш материалдармен автокөлік құралдарын кезең-кезеңімен таңбалау мынадай мерзімде жүргізілсін:

1) 2003 жыл ішінде - автокөлік құралдарының (автоцистерналар) санаты мен түріне қарамастан, қауіпті жүктер таситын автокөлік құралдары;

2) 2004 жылдың I жарты жылдығы ішінде - жүк тасуға арналған қозғалтқышы бар M_3 , N_2 және N_3 санаттарындағы автокөлік құралдары (жүк автомобильдері, сүйретпе-автомобильдер, сондай-ақ қондырғылар орнатылған олардың шассилері) және O_2 , O_3 , O_4 санаттарындағы қозғалтқышы жоқ автокөлік құралдары (толық салмағы 3,5 тоннаға дейін жететін O_1 санаттағы тіркемелерді қоспағанда, тіркемелер және жартылай тіркемелер);

3) 2004 жылдың II жарты жылдығы ішінде - рұқсат етілген ең көп салмағы 5 тоннадан астам жолаушыларды тасуға арналған қозғалтқышы бар автокөлік құралдары (жолаушылар және жүк-жолаушы автомобильдері, олардың түрлері, автобустар, жолаушы автопойыздары);

4) 2005 жылдан бастап - мемлекеттік меншіктегі M_3 , N_2 , N_3 , O_2 , O_3 , O_4 санаттарындағы автокөлік құралдары.

3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері 2005 және кейінгі жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде мемлекеттік меншіктегі

үлкен ұзындықты және ауыр жүк көтергіш автокөлікті жарық қайтарғыш материалдармен таңбалау бойынша іс-шаралар жүргізуге бюджеттік өтінімдерде қаражат көздесін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне 2005 жылдан бастап тиісті жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастыру кезінде жарық қайтарғыш материалдармен автокөлік құралдарын таңбалау бойынша шығыстар көздеу ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі автокөлік құралдарын жарық қайтарғыш материалдармен кезең-кезеңімен таңбалау мерзімдерінің сақталуына бақылау орнатсын.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының қабылдануы туралы шет мемлекеттерге хабарлауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі